



KAZGUU
UNIVERSITY

“M.S. Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti” AҚ

Занды мұрагерліктің кезек тәртібіне түсініктеме



Мазмұны:

- ❖ Занды мұрагерліктің шығу тарихы
- ❖ Мұрагерліктің негіздері: өсиет бойынша және занды мұрагерлік
- ❖ Занды мұрагерліктің пайда болу негіздері
- ❖ Занды мұрагерліктің кезек тәртіптері
- ❖ Мұра қалдырушының асырауындағы еңбекке жарамсыз адамдар
- ❖ Заң бойынша мұрагерлікке құқық беру туралы куәлікті беру тәртібі
- ❖ Кейс



Мұрагерлік дегеніміз

- ❖ Мұрагерлік - қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің асқа адамға (адамдарға - мұрагерге (мұрагерлерге) ❖ ауысуы



Заң бойынша мұрагерліктің шығу тарихы

- ▶ Мұрагерлік мәселелерге арналған бірінші баптарды ежелгі заң жинақтарының бірі – Хаммурапи заңдарында кездестіреміз (б.э.б. XVIII ғ.).
- ▶ Тең үлесте мұраға ие болатын тұлғалардың, олар: аға-інілері қандай үлеске ие болса, сондай үлесте апа-қарындастары да, сонымен қатар асыранды бала «заңды» балалары негізінде тең дәрежеде мұраға ие болған. Хаммурапи заңында, егер мұра қалдырушының құлдарынан балалары болып, оны тірі кезінде мойындаған болса, онда ол балаларының мұрадағы үлеске құқы болған. Демек сол кездегі заң шығарушылардың ең алдымен балалардың мүдделерін қамтамасыз етуге тырысқанын байқаймыз. Олай болса, осы мәселе тұрғысында, заң шығарушылардың сол кездегі маңызды ерекше бағытын айта кету керек.



- ▶ Ману Заңы бойынша (б.э.б. I ғ. аяғында) мұрагерлік мүлікке ие болу жеті заңды тәсілдерінің бірі болып қарастырылған. Сол кезден бастап, ереже бойынша мұра қалдырушының алыс туыстары жақын туыстарының бар болу негізінде мұрагерліктен шеттетілген. Барлық мүлік жанұя басшысының басқаруында болды. Ата-аналары қайтыс болған жағдайда, мүліктер балалары арасында үлестірілді не болмаса мүлік үлкен ұлда қалды, өйткені ол кіші інілерінің қамқоршысы болып саналды.
- ▶ Мұра қалдырушының қыз балалары мұрадан шеттетілді, дегенмен ер балалар апа-қарындастарына өз үлестерінің $\frac{1}{4}$ бөлігін жасау мүлкі ретінде беріп отырды.
- ▶ Олай болса, Ежелгі Шығыс елдеріндегі заңдарда заңды мұрагерлік пен өсиет бойынша мұрагерлікті айыра білген және олар мұрагерлік мәселелерді әдет-ғұрып бойынша емес, бірыңғай кодификациялық акт нормалармен реттелгендігі байқалады.



Цивильдік құқық бойынша 3 кезектер қарастырылды. Бірінші категорияда: балалары (өмір бойы қоластындағы тұлғалар) әрқайсысына тең үлеспен бөлінген; Екінші категорияда: жақын агнаттар (бауырлар, қайтыс болған азаматтың анасы, егер ол әйел әкесімен кум ману некесінде тұрса); Соңғысы: туысқандары (отбасы мүшесіне кірмейтін, бірақ бір рудан шыққандар).



- ▶ Мұрагерлік құқық шариат заңдарының ең күрделі бөлімі болып табылады. Мұсылман адам қайтыс болғаннан кейін, бірінші кезекте мұралық мүліктен оны жерлеуге байланысты және оның қарыздарын өтеуге байланысты шығындарды төлейді. Осыдан кейін өсиет бойынша мұрагерлер өз қарыздарын алады. Бірақ ол қалған бүкіл мүліктің $\frac{1}{3}$ -тен аспауы тиіс. Одан қалған мүлік заң бойынша мұрагерлер арасында бөлінеді. Егер заң бойынша мұрагерлер болмаса, бүкіл мүлікке қатысты өсиет заңды болып табылады.
- ▶ Мұсылмандарда заң бойынша мұрагерлер деп туыстығы бойынша бес атаға дейінгі барлық ер адамдар, 3 атаға дейінгі барлық әйел адамдар есептеледі. Мұралық мүліктегі ер адамдардың үлесі



- ▶ С.А. Джапаридзе Кеңес Одағы тұсында заңды мұрагерлік институтына қарағанда өсиет бойынша мұрагерлік институтына көп көңіл бөлінгенін, яғни Кеңес Одағы кезінде мұра қалдырушының отбасына ерекше назар аударылмағанын айта кеткен.
- ▶ Алайда, мұрагерлік құқық ең алдымен мұра қалдырушы отбасының материалдық жағдайын ескеріп, соның ішінде мұра қалдырушының кәмелет жасқа толмаған балалары мен еңбекке жарамсыз тұлғалардың пайдасына шешуді қарастыру керек.



- ▶ Занды мұрагерлікте қайтыс болған азаматтың мүлкінің жақын туыстарына заңда қарастырылған кезек тәртібінің және үлестерінің анықталуы қарастырылған.
- ▶ Бұрынғы Қазақ КСР-нің АҚ-сін салыстырмалы түрде қарасақ, 3 кезек қарастырылған, 1 кезекте, қайтыс болған адамның балалары (оның ішінде асырып алған бала); жұбайы; ата-анасы; 2 кезекте, қайтыс болған адамның әке жағынан да, ана жағынан да атасы мен әжесі; еңбекке жарамсыз аға-іні, апа-қарындастары; 3 кезекте, қайтыс болған адамның еңбекке жарамды аға-іні, апа-қарындастары.
- ▶ Қазіргі ҚР-ның АҚ-де мұра қалдырушының мұрагерлерінің кезек тәртібі ұлғайған.
- ▶ ҚР-ның АҚ-нің 1060 бабына сәйкес, заң бойынша мұрагерлік кезек тәртібімен шешіледі. Бұл жағдайда мұрагерлік құқыққа кезек тәртібі бойынша үлеспен мұра қалдырушылардың жақын туыстары ғана ие бола алады.



Заңды мұрагерлік келесі жағдайда пайда болады:

- ▶ өсиетті қалдырмаудан немесе оның жоқ болуы салдарынан;
- ▶ егер мұрагерлер өсиеттен бас тартса немесе қабылдамаса;
- ▶ егер өсиет жағынан мұрагерді мұрагерліктен жойса, оны лайықсыз адам деп тапса;
- ▶ мүліктің бір бөлігі ғана өсиет етілсе;
- ▶ егер де өсиет бірлі-жарлы немесе толығымен дұрыс болмаса;
- ▶ мұра қалдырушының өсиетінен бұрын мұрагері қайтыс болса және т.б.



Заңды мұрагерлік пен өсиеттің айырмашылығы

- ▶ Заңды мұрагерлік, өсиет бойынша мұрагерліктің баламасы болып табылады. Өсиет бойынша мұрагерліктің заңды мұрагерліктен айырмашылығы, онда мұрагерлерді тану және олардың арасында мүлікті өзара бөлу тәртібі өсиет қалдырушының өз қалауында болады.
- ▶ Мұрагерлер мен мұра қалдырушының туыстық қатынастары:
- ▶ АХАТ органдарының куәлігімен;
- ▶ туыстық қатынастар фактісін белгілеу туралы заңды күшіне енген соттың шешімімен анықталады.
- ▶ ата-аналық құқықтан айырылған баланың ата-анасына қатысты мұрагерлік құқығын сақтайды.



Заңды мұрагерлік келесі белгілермен сипатталады:

- ▶ Мұра қалдырушының мұрагерлер шеңбері толық заңмен бекітілген (8 кезек);
 - ▶ Оларды мұрагерлікке шақыру тәртібі қарастырылған (туыстық дәрежесі);
 - ▶ Заң бойынша бір немесе бірнеше мұрагерлерге мұра мүлкінің ауысу ережелері реттелген (соның ішінде үлестері).
- 

Мұра қалдырушы

Мұра қалдырушы			
Бірінші кезек	Балалары, оның ішінде ол қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары	Жұбайы (зайыбы)	Ата-анасы
Екінші кезек	бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері)	оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі	
Үшінші кезек	Мұра қалдырушының әкесімен бірге туған ағалары мен апалары, нағашы ағалары мен нағашы апалары		
Төртінші кезек	мұра қалдырушының арғы аталары мен әжелері		
Бесінші кезек	мұра қалдырушының туған немере іні-қарындастарының, жиендерінің балалары (шөбере іні-қарындастары, жиеншарлары)	оның аталары мен әжелерінің туған аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері)	
Алтыншы кезек	мұра қалдырушының шөбере іні-қарындастарының, жиеншарларының балалары	оның немере аға-інілері мен апа-қарындастарының (сіңлілерінің) балалар	оның екі атадан қосылатын аталары мен әжелерінің балалары
Жетінші кезек	мұра қалдырушының өгей әкесіне не өгей шешесіне еріп келген аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері)	өгей ұлдары, өгей қыздары,	өгей әкесі және өгей шешесі
Сегізінші кезекте	мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болған; мұраның ашылу күніне дейін еңбекке жарамсыз болған		

Тіркеуші органдар тууды, қайтыс болуды, неке (ерлі-зайыптылықты) қию және бұзуды, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды мемлекеттік тіркеуді жүргізеді



Заң бойынша мұрагерлердің бірінші кезегі

- Заң бойынша мұрагер болу құқығын бірінші кезекте мұра қалдырушының балалары, оның ішінде ол қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары, сондай-ақ мұра қалдырушының жұбайы (зайыбы) мен ата-анасы тең үлеспен алады.




Жақын туыстар

- ▶ ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер



Бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам
-ерлі-зайыптылардың заңды некеден туылған ортақ бала;
-некеден тыс туылған бала;
-асырап алған бала;
- балаға қатысты әке болуын тіркеуші органның анықтауы не сот тәртібімен анықтау.



БАЛАНЫҢ ТУУ ТЕГІН АНЫҚТАУ

- ▶ Бала туғаннан кейін бірден тіркеледі және туылған кезінен бастап атын алуға және азаматтық алуға құқығы, сондай-ақ мүмкіндігіне қарай, өз ата-аналарын білуге құқығы және олардың қамқорлығына құқығы болады.
- ▶ Бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың құқықтары мен міндеттері асырап алу туралы заңды күшіне енген сот шешіміне негізделеді.
- ▶ Егер өзгеше дәлелденбесе, бала неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған, ол жарамсыз деп танылған кезден бастап немесе бала анасының жұбайы қайтыс болған кезден бастап екі жүз сексен күн ішінде туған жағдайда, анасының бұрынғы жұбайы баланың әкесі болып танылуы мүмкін
- ▶ (Н(е-з)ОК 46, 47 б)



Мұра қалдырушының немерелері мен олардың ұрпақтары ұсыну құқығы бойынша мұра алады

Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік Мұра ашылғанға дейін немесе мұра қалдырушымен бір мезгілде қайтыс болған тұлғалар

Мұра ашылғанға дейін немесе мұра қалдырушымен бір мезгілде қайтыс болған және ҚР АҚ 1045-бабына сәйкес мұра алу құқығын иелене алмайтын мұрагердің ұрпақтары ұсыну құқығы бойынша мұрагер болмайды

№	Жеті ата	№	Жеті ұрпак
1	Жеті ата	7	
2	Түп ата	6	
3	Тек ата	5	
4	Баба	4	
5	Арғы ата	3	
6	Ата	2	
7	Әке өзін	1	Әке өзін
		2	Бала
		3	Немере
		4	Шөбере
		5	Шөпшек
		6	Немене
		7	Туажат

Мұра қалдырушының жұбайы (зайыбы)

- ▶ Неке (ерлі-зайыптылық) жасы – Н(е-з)ОК белгіленген, адамның некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) құқығына жеткендегі жасы
- ▶ Неке (ерлі-зайыптылық) некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың тікелей қатысуымен тіркеуші органдарда не арнайы мемлекеттік неке сарайларында қиылады




Ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады.



Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі

- некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік;
- ерлі-зайыптылардың некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде мұрагерлік тәртібімен немесе өзге де өтеусіз мәмілелер бойынша сыйға алған мүлкі;
- некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражаты есебінен сатып алынса да, қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттарын қоспағанда, жеке пайдаланатын заттары (киім-кешек, аяқкиім және басқалар) ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі болып табылады.



Ата-ана дегеніміз

- ▶ Нақты бала туылғанға қатысты АХАТ органында жазылған тұлға (әкесі-анасы);



Ата-аналық құқықтардан айыру

- ▶ ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтарса;
- ▶ өз баласын перзентханадан (оның бөлімшесінен), жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарынан және өзге де ұйымдардан алудан дәлелсіз себептермен бас тартса;
- ▶ өздерінің ата-ана құқықтарын теріс пайдаланса;
- ▶ балаға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде оған күш қолданса немесе психикасына зорлық жасаса, оның жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаса;
- ▶ құмар ойындарға, бәс тігуге, спирттік ішімдіктерге немесе есірткі, психотроптық заттарға және (немесе) сол тектестерге салынса, олар ата-ана құқықтарынан айырылады.
- ▶ Ата-аналар өз баласының, жұбайының не отбасының басқа да мүшелерінің өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде ата-ана құқықтарынан айырылады.



Заң бойынша мұрагерлердің екінші кезегі

- ▶ мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері),
- ▶ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі
- ▶ **Әже** - баланың әкесінің, сондай-ақ, анасының шешесін атайтын, туыстық қатынасты білдіретін атау.



Заң бойынша мұрагерлердің үшінші кезегі

- ▶ мұра қалдырушының әкесімен бірге туған ағалары мен апалары
- ▶ нағашы ағалары мен нағашы апалары
- ▶ **Нағашы** немесе **нағашы жұрт**— туыстық атау. Шешесінің төркіні балаларына нағашы болады.



Заң бойынша мұрагерлердің төртінші кезегі

- ▶ үшінші туыстық дәрежесіндегі туыстар – мұра қалдырушының Арғы аталары мен әжелері.

Арғы ата - баланың әкесінің атасы; баланың әкесінің әжесі

Какие бывают семьи

1. Двухпоколенная



2. Трехпоколенная



3. ? Если живут прабабушки и прадедушки?


Заң бойынша мұрагерлердің бесінші кезегі

- ▶ төртінші туыстық дәрежесіндегі туыстар – мұра қалдырушының туған немере іні-қарындастарының жиендерінің балалары (шөбере іні-қарындастары, жиеншарлары)
- ▶ оның аталары мен әжелерінің туған аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері)
- ▶ **Жиен**— баланың **нағашы** жұртымен туыстық қарым-қатынасын білдіретін **ұғым**, қыздан туған баланы қыздың төркіні және рулас адамдары, яғни нағашылары “жиен” деп атайды.
- ▶ Жиеннен туған баланы **жиеншар** дейді



Заң бойынша мұрагерлердің алтыншы кезегі

- ▶ бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстар – мұра қалдырушының шөбере іні-қарындастарының, жиеншарларының балалары, оның
- ▶ немере аға-інілері мен апа-қарындастарының (сіңлілерінің) балалары
- ▶ оның екі атадан қосылатын аталары мен әжелерінің балалары



Заң бойынша мұрагерлердің жетінші кезегі

- ▶ мұра қалдырушымен кемінде он жыл бір отбасында тұрған мұра
 - ▶ қалдырушының өгей әкесіне не өгей шешесіне еріп келген аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері),
 - ▶ өгей ұлдары, өгей қыздары,
 - ▶ өгей әкесі және өгей шешесі
 - ▶ **Өгей шеше** – бұрынғы некеден туған балаларға қатысты әкесінің зайыбы
- 

Заң бойынша мұрагерлердің сегізінші кезегі

- ▶ Егер мұра қалдырушымен бірге тұрғандығына немесе тұрмағандығына қарамастан мұра қалдырушы қайтыс болғанға дейін кемінде бір жыл оның асырауында болса;
 - ▶ Мұра қалдырушының толық асырауында болған немесе мұра қалдырушынан өмір сүрудің негізгі және тұрақты қаражат көзі болып табылатын көмекті алған еңбекке жарамсыз адамдарды мұра қалдырушының асырауында болған адамдар деп есептеу керек;
 - ▶ Еңбекке жарамсыздар:
 - ▶ Кәмелет жасқа толмаған тұлғалар;
 - ▶ Зейнеткерлік жасқа толған тұлға: ерлер жасы 63; әйелдер 60 жас;
 - ▶ I,2,3 топтағы мүгедектер
- 

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- ▶ 1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Қазақстан Республикасының Парламенті // Ведомости Парламента Республики Казахстан. - 1999. - № 16-17.
- ▶ 2. Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы N 5 Нормативтік қаулысы.
- ▶ 3. Гражданский кодекс Республики Казахстан. Комментарий (постатейный) / В 2 кн.: / Отв. ред. Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. - Алматы, 2006. -кн. 2. — 800 с.